

Өскемен қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі № 3652 "Соғысқа қатысушылар мен мүгедектер қатарынан Кеңес Одағының Батыры, "Халық қаһарманы", Социалистік Еңбек Ері атағына ие болған, Даңқ орденінің үш бірдей дәрежесімен және "Отан" орденімен марапатталған тұлғаларды әскери құрметпен жерлеуге және қабірлеріне құлпытастар орнатуға жұмсалған шығындардың орнын толтыру туралы" қаулысына өзгерту енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 6 қаңтардағы № 3198 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 29 қаңтарда № 3185 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 24 ақпандағы № 14967 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 24.02.2016 № 14967 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Заңының 13-бабына сәйкес, Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Өскемен қаласы әкімдігінің "Соғысқа қатысушылар мен мүгедектер қатарынан Кеңес Одағының Батыры, "Халық қаһарманы", Социалистік Еңбек Ері атағына ие болған, Даңқ орденінің үш бірдей дәрежесімен және "Отан" орденімен марапатталған тұлғаларды әскери құрметпен жерлеуге және қабірлеріне құлпытастар орнатуға жұмсалған шығындардың орнын толтыру туралы" 2009 жылғы 14 қыркүйектегі № 3652 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-1-121 тіркелген, 2009 жылдың 21 қазанындағы "Дидар" газетінде, 2009 жылдың 22 қазанындағы "Рудный Алтай" газетінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерту енгізілсін:

1-тармақтың 3) тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Өскемен қаласының
әкімі

Т. Қасымжанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК